№ 194 от 30.07.2024

**«БЕКІТЕМІН»**

**Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы КМҚК меңгерушісі**

**__________ Г.Ш.Ережепова**

**«02» қыркүйек 2025 жыл**

**Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары**
**2025-2026 оқу жылы**

***Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024)2-қосымшасына сәйкес***
*(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар, өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)*

**I. 2024 - 2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау есебі ( SWOT )**

Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2024-2025 оқу жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды:

Барлығы-6 топ, 140 баламен 22 педагог жұмыс жүргізді.29 тамыз 2024 жылы күні №1 педагогикалық кеңесте Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығын негізге ала отырып дайындалған Біртұтас тәрбие бағдарламасын мектепке дейінгі ұйымда іске асыру жоспары талқыланып,бекітілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының идеясы:
«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы
Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

Жоғарыда көрсетілген идеяны іске асыру барысында балаларды қабылдау барысында күй күмбірі қосылып халқымыздың күйлерін тыңдалды, апта дәйексөздері дайындалып,барлық топ балаларына,ата-аналарға ,балабақша қызметкерлеріне үйретілді. 15 минут балалардың ересектермен емін- еркін қарым- қатынас жасау дағдылары қалыптастырылды.
Аптаның әр күнінде іс- әрекет барысында «Ұлттық ойынмен шыңдалады» аясында ұлттық ойындар кіріктіріліп отырды. «Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну»-табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында күнделікті балалармен әңгімелесу сағаттары өткізіліп отырды (балалармен ойын, танымдық экспериментальдық іс әрекеттер,ата -аналарға жадынамалар, нұсқаулықтар таратылды).

Қыркүйек –еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы:
«1 қыркүйек – Білім күні!» балабақшадағы экскурсия , «Тілім менің тірегім !» челленджі , «Кітап- менің қазынам!» тақырыбында балалар, кітапханасы көрмесі барлық топтарда , «Ұлттық ойын -Бестемше» дене тәрбиесінің нұсқашысы- Тулегенов Болаттың ұйымдастыруымен , « Жол тәртібін білейік,Аман- есен жүрейік!» тақырыбында көшедегі қауіпсіздікке байланысты «Аққөгершін » ересек тобында ұйымдастырылған іс-әрекеттер ;

Қазан-тәуелсіздік және отаншылдық айы:
«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы!» ойын жарысы дене тәрбиесінің нұсқаушысы -Тулегенов Болат, «Асығың алшысынан түссін!» асықпен ойналатын ойындар барлық топтарда, «Мен Отаныммен мақтанамын!» мерекелік ертеңгіліктер, «Менің елім- мәңгілік ел!» ересек,ортаңғы топтарда сурет көрмесі, «Алтын жапырақ төккен күз!» мерекелік ертеңгіліктері ;

Қараша-әділдік және жауапкершілік айы:
«Шеберлігім шыңдалады ұлыммен!» әкелер мектебінің бір күндік жұмысы үйірме жетекшісі -Сапарова Жаналыстың , «Мен әжемнің көмекшісімін!» әжелер мектебінің жетекшісі -Жубаева Кенженің ұйымдастыруымен , «Ақшамен емес адаммен дос бол!» тақырыбында дидактикалық сюжетті- рөлдік ойындар тәрбиеші- Беденкулова Динараның ұйымдастыруымен ;

Желтоқсан- бірлік және ынтымақ айы:

«Республикам мақтанышым менің!», «Қош келдің, Жаңа Жыл!» мерекелік ертеңгіліктері, «Қыс қызықтары!» тақырыбында тәрбиеленушілер мен ата -аналар арасында зияткерлік ойындар ;

Қаңтар- заң және тәртіп айы:
«Асық -асыл қазына!» ұлттық ойындар челленджі, «Менің құқықтарым,менің міндеттерім!»әңгімелесу сағаттары, «Зерек бала» танымдық,зияткерлік ойын сайысы ;

Ақпан -жасампаздық пен жаңашылдық айы:
«Мен зерттеушімін» өнертапқыштыққа алғашқы қадам танымдық,эксперименталдық іс- әрекеті,үстел үсті ойындары байқауы топ бойынша, «Ұлттық өнер- ұрпаққа мұра!» қолөнер бұйымдары, «Жас Қажымұқандар!» ұлттық спорттық ойындар сайысы ;

Наурыз- тәуелсіздік және отаншылдық айы:
«Ізгіліктің бір ісі-алғыс!» челленджі, «Ананың аялы алақаны!», «Наурыз- жыл басы!» мерекелік ертеңгілігі, «Құрақ көрпе» челленджделері;

Сәуір -еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы:
«Құстарға қамқор болайық!» челленджі, «Үлкенге -құрмет,кішіге -ізет!» театр ертегі қойылымы, «Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» т.б.сюжетті -рөлдік ойындар, «Кітаппен жарқын әлемге!» танымдық мультфильм көру;

Мамыр- бірлік және ынтымақ айы:
«Достығымыз жарасқан!» сурет көрмесі, «Білімім -Отаныма!» мерекелік ертеңгілік, «Табиғатты сақтайық!» жасыл көрме, «Әжемнің ертегілері» театр ертегі қойылымдары өткізіліп,фейзбук,инстограмм желісінде жарияланып отырды.

**II. Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» бағдарламасының идеясы:**

**«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштаған ұғымы**

**Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»**

**III . «Адал азамат» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:**
**Бағдарламаның мақсаты:**

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

**Бағдарламаны іске асыру тетіктері:**

- Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме
- Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік
- бағдарламаларды әзірлеу

- Сынып-кураторлық жүйе шеңберінде құндылықтарды қалыптастыру, яғни сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар
- Бағдарламаның құндылық бағдарларына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын кеңейту
- Тәрбие процесіне отбасы мен қоғамдық ұйымдарды тарту
- Бағдарламаны іске асыруды тұрақты ішкі бақылау және тиімділігін бағалау

**Бағдарлама мазмұны:**

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

**<u>Күнделікті іс-шаралар:</u>**

**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, т.б.

**«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізуі.

**«Үнемді тұтыну»** – жадынамалар, нұсқаулықтар және т.б. арқылы суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

**«Күй күмбірі»**-күйлерді қоңыраулардың орнына пайдалану, сондай-ақ үлкен қаңырауларда күй қосып қою.

**<u>Апталық іс-шаралар:</u>**

**«Менің Қазақстаным»:** оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

**«Аптаның дәйексөздері»** –мақал-мәтелдер, халық даналығы, тәрбиелік мәні бар көрнекті тұлғалардың нақыл сөздері <u>*оқудан тыс бүкіл ұйымның қызметі*</u>. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде Led-экрандарда, тақталарда орналастырылады.

**«Қауіпсіздік сабағы»** – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз жүріс-тұрысын сақтауы, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін сақтау мақсатында сынып сағаты аясында *10 минут қауіпсіздік сабағы* өткізілсін.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу аясында білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын

қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі профилактикалық іс-шаралар біріктіріледі:

- ✓ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ✓ Буллингтен қорған!
- ✓ Ойынға салауатты көзқарас;
- ✓ Өмірге салауатты қадам;
- ✓ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ✓ Қауіпсіз қоғам.

**2025-2026 оқу жылындағы <u>атаулы күндер</u> тізбесі**

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер **Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл** (10.08.1845–1904).

Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры **Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл** (15.11.1915–2.11.1973)

Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері **Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл** (21.11.1885–05.10.1935).

Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы **Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл** (24.11.1895–05.03.1983)

Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф **Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл** (1835–1865)

Халық қаһарманы, жазушы **Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл** (24.12.1910–10.06.1982).

Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы **Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл** (1846–1945)

Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі **Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл** (25.03.1866–1937).

Педагог, қоғам қайраткері **Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл** (29.04.1906–1968).

**IV. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

**Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**
Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту
**Мектепке дейінгі ұйым түлегі:**
Отан, ел, туған өлке туралы білу;
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу;
мемлекеттік тілді білу;
ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу;
туған өлкенің табиғатын қамқорлықпен қарау.

**Құндылық: бірлік және ынтымақ**
Құзыреттілік: тиімді коммуникация
**Мектепке дейінгі ұйым түлегі:**
отбасындағы, балабақшадағы мінез-құлық нормаларын білу;
басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу;
ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы;

**Құндылық :әділдік және жауапкершілік**
Құзыреттілік: қоғамға қызмет
**Мектепке дейінгі ұйым түлегі:**
әрекетіне жауапты болу;
уәделерді орындай білу.

**Құндылық: заң және тәртіп**
Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық
**Мектепке дейінгі ұйымның түлегі.**
жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелерін білу;

үлкендерді құрметтеу;
үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстау.

**Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**
Құзыреттілік: инновациялық ойлау
**Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:**
үйде, топта қарапайым әрекеттерді орындауға көмектесу;
үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау;
жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;
жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**Құндылық:жасампаздық және жаңашылдық**
Құзыреттілік:шығармашылық
**Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:**
Шығармашылық қиял мен қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық;
сурет салуға,модельдеуге,дизайнғақызығушылық таныту;
алған білімді жаңа нәрсе жасау үшін қолдана білу.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары

**ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР**

| № | Қызмет түрі | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын құру және бекіту | Жоспар | МДҰ ұйымдарының педагогтары | Тамыз-қыркүйек |
| 2 | Ата-аналар жиналыстары, ата-аналар комитеттері | Хаттама | МДҰ ұйымдарының педагогтары | Жыл бойы |
| 3 | Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру | Хаттама | Қамқоршылық кеңестің хатшысы | Жыл бойы |

**Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

*1 қыркүйек – «Білім күні»*
*5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні*
*Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні*
*Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні*
*Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні*

| Р /с | Іс шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындалу мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 қыркүйек - Білім күні<br>«Тілім менің тірегім» | Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет<br>Дәйексөз:«Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» | Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, педагогтері | 02-05.09.2025 ж |
| 2 | «Бақытты отбасы - берекелі ел» | Бейне -ролик<br>Дәйексөз: «Ер дәулеті - еңбек» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 08-12.09.2025 ж |
| 3 | «Абай әндері» | Музыкалық кеш<br>Дәйексөз: «Білімдіден шыққан сөз –талантқа болсын кез» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыка жетекшісі | 25-26.09.2025ж |

**Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық**

*1 қазан – Халықаралық қарттар күні*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *қазан – Мұғалімдер күні*<br>*5 Қазан – Республика күні* | | | | |
| | «Қарттарым -асыл қазынам» | Құттықтау.<br>Дәйексөз:«Үлкенге ізет-жасқа жол» | Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 01-02.10.2025 ж |
| 2 | «Ұстаздарға мың алғыс» | Мерекелік кеш<br>Дәйексөз: «Баланың бас ұстазы- ата-ана» | Мекепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 03.10.2025ж |
| 3 | «Жомарт күз» жәрмеңкесі | Көрме<br>Дәйексөз : «Көктемгі әрекет – күзгі берекет» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 15-16.10.2025ж |
| 4 | «Мен Отаныммен мақтанамын!» | Ертеңгілік<br>Дәйексөз: «Отан – отбасынан басталады» | Мектепке дейінгі ұйымның музыка жет.,тәрбиешілер | 21-24.10.2025 ж |
| **Қараша – адалдық және жауапкершілік айы** | | | | |
| 15-қараша ұлттық валюта теңге күні | | | | |
| 1 | «Әжелер мектебі», | Қолөнер сайыс<br>Дәйексөз: 1.« Ана алдында құрмет – ата алдында қызмет» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 05.11.2025ж |
| 2 | Сапарғали Ысқақұлы Бегалин<br>«Өлеңмен өрнектелген әлем» | Өлеңдегі табиғаттың сурет көрмесі.<br>Дәйексөз: «Адам ақылымен қымбатты, ұрпағымен сымбатты» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 12.11.2025 ж |
| 2 | «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді дамыту | Сюжетті-рөлдік ойындар Дәйексөз: «Еңбек етсең ерінбей тоясың, қарның тіленбей.» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 18-21.11.2025ж |
| 3 | «Адал ұрпақ» | Мультфильм қарау<br>Дәйексөз: «Әділін айтсаң – әдемі айтқаның» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 24-28.11.2025ж |
| **Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы** | | | | |
| *16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні* | | | | |
| 1 | «Республикам – мақтанышым!» | Ертеңгілік **Дәйексөз:** 1. « Ынтымақ жүрген жерде – ырыс жүреді»<br>2. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | 09-12.12.2025ж |
| 2 | «Қыс қызықтары» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында) | Спорттық ойындар<br>Дәйексөз: «Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ» | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | 18-19.12.2025ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | «Қош келдің Жаңа жыл!» мерекелік ертеңгіліктер | Дәйексөз: « Бірлік болмай – тірлік болмас» | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері | 25-26-29.12.2025ж |
| **Қаңтар – заң және тәртіп айы**<br>*1 қаңтар – Жаңа жыл* | | | | |
| 1 | «Асық асыл қазына» | Ұлттық ойындар Дәйексөз: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері | 08-09.01.2026ж |
| 2 | «Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (ересек жастағы балалар үшін) V | Әңгімелесу<br>Дәйексөз: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 14-15.01.2026ж |
| 3 | Әжем айтқан ертегі «Әжелер мектебі» | Ертегі айту<br>Дәйексөз: 1.«Ақыл тату тәртіппен»<br>2. «Атасыз үй -батасыз, Анасыз үй-панасыз» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 21-23.01.2026ж<br>27-29.01.2026ж |
| **Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық**<br>*14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні* | | | | |
| 1 | «Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам; | Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет<br>Дәйексөз: 1. «Өнер ақиқаты – жасампаздықта»<br>2. «Сіздің істеріңіз – сіздің ескерткіштеріңіз» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 05,12.02.2026ж |
| 2 | «Шын жүректен кітап сыйла!» | Акция Дәйексөз: «кітап білім бұлағы,білім өмір шырағы» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | 18-20.02.2026ж |
| 3 | «Ұлттық өнер ұрпаққа мұра» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында) | Қол бұйымдарының көрмесі<br>Дәйексөз: « Өнерді үйрен, үйрен де жирен» | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар | 25-26.02.2026ж |
| **Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы**<br>*1 наурыз – Алғыс айту күні*<br>*8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні*<br>*21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі* | | | | |
| 1 | «Ізгіліктің бір ізі – алғыс»(тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен) | Челлендж<br>Дәйексөз:«Ел іші – алтын бесік» | Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері | 27.02.2026ж |
| 2 | «Ананың аялы алақаны» | Челлендж | Мектепке дейінгі ұйым | 05-06.03.2026ж |